4. Махмутов А.К., Муралинова Ж.К. Способ получения мази прокан для лечения ран у животных. Инновационный патент № 26213. 04.10. 2012.

**Махмутов А.К., Муралинова Ж.К., Туребеков О.Т., Шманов Г.С., Кенжеев Ш.Т.**

### ІРІҢДІ ЖАРАЛАР ЕМІН ҚУАТТАНДЫРУ

#### **Аңдатпа**

Мақалада жылқылардың іріңдеген жараларын 10% хлориді кальций ертіндісімен жуып, тазалау және прокан жақпа майымен емдеу нәтижелері келтірілген. Бақылау топ жануарларының жараларының жазылуы ертерек және сапалы жүретіндігі анықталған.

Вишневскийдің линименті қолданып емдеген топқа қарағанда бақылау тобында репарацияның 5-7 тәулікке ертерек жүрген.

**Кілт сөздер:** емдеу, жылқы, стимулдеу, іріңді жаралар, прокан жақпа майы.

**Makhmutov A.K., Muralinova Zh.K., Turebekov O.T., Shmanov G.C., Kenzheev Sh.T.**

### STIMULATION OF TREATMENT OF PURULENT RAS

#### **Annotation**

In article data received are provided at treatment of the infected wounds at horses by an active drenirovaniye of a wound of 10 % solution of chloride of sodium in a combination with ointment procan.. It is established that at skilled animals healing of a wound occurs with higher quality, reparation terms for 5-7 days in comparison with treatment by Vishnev-sky's liniment are accelerated.

**Key words:** treatment, horse, stimulation, purulent wounds, ointment procan.

**ӘОЖ: 619:616:084**

**Молдахметова К.И., Заманбеков Н.А., Тулепова Г.Қ., Кобдикова Н.К., Қорабаев Е.М.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы*

### КӘДІМГІ КИКОТЫ ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНЕН (ORIGANUM VULGARE) ДАЙЫНДАЛҒАН ФИТОПРЕПАРАТТЫҢ БҰЗАУЛАРДЫҢ ТЫНЫСТАНУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ ЕМДІК ӘСЕРІ

#### **Аңдатпа**

Мақалада кәдімгі кикоты дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік тиімділігі анықталды. Өсімдіктерден дайындалған фитопрепаратты антибиотиктермен және витаминдік препараттармен бірге кешенді түрде қолдану тыныс алу жүйесімен ауырған бұзаулардың аурудан айығу көрсеткішін 100% -ға дейін жеткізетіндігі тәжірбие жүргізу барысында дәлелденді, сонымен қатар фитопрепарат қанның морфологиялық көрсеткіштеріне де айтарлықтай қуаттандырып әсер ететіндігі анықталды.

**Кілт сөздер:** фитопрепарат, иммунитет, морфология, антибиотик, дәрілік өсімдік, кәдімгі кикоты, бронхопневмония.

#### **Кіріспе**

Қазіргі таңда ауылшаруашылығы жануарларының иммундық жағдайын барынша арттыру, өсіп-даму функциясын жақсарту, сонымен қатар олардан сапалы, әрі жетілген төл алу және де Республика тұрғындарын сапалы мал өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі кезде мемлекетімізде ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1, 2].

Ауыл шаруашылық жануарлар арасында, оның ішінде жас төлдерде тыныстану жүйесі аурулары жиі кездеседі, ол әрине, көптеген жағымсыз факторларға тікелей байланысты, атап айтқанда, күтіп-баптау ережелерінің тиісті деңгейде сақталмауы, зоогигиеналық шаралардың дұрыс жолға қойылмауы, азықтандыруының тиісті талаптарға сәйкес келмеуі ж.б. [3, 4].

Республика көлемінде және алыс-жақын шет елдерде жануарлардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеу мақсатында көптеген дәрі-дәрмектер қолданылады, ал олардың басым көпшілігі әр түрлі топтағы антибиотиктер, сульфаниламидтік препараттар, нитрофурандар және басқа да антибактериалды дәрі-дәрмектер. Бұл дәрілердің басым көпшілігі шетелдік фармацевтикалық зауыттарда өндіріледі, сондықтан да олардың нарықтық бағасы да тым жоғары.

Қазақстан аумағы әр түрлі шипалық қасиеті бар дәрілік өсімдіктерге өте бай [5, 6, 7, 8, 9, 10]. Міне біз осы тұрғыдан мал ауруларына экономикалық тұрғыдан тиімді, әрі экологиялық жағынан таза, дайындалу технологиясы күрделі емес дәрілік өсімдіктерді қолдануды мақсат тұттық.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Ғылыми – тәжірибелік жұмыстары Алматы облысы Панфилов ауданына қарасты «Қойбағаров» жеке шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибеге жіті бронхит, бронхопневмония ауруларына шалдыққан алатау тұқымына жататын 30 бас бұзау алынды. Бұзаулар 3 топқа бөлінді: 1-ші тәжірибе, 2-ші тәжірибе және 3-ші тәжірибе топтары. 1-ші тәжірибе тобындағы бұзауларға кәдімгі киікоты дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнба 1:10 қатынасында тәулігіне 3 рет 100 см<sup>3</sup> мөлшерінде ауыз арқылы ішкізілді; тәулігіне 2 рет цефтриаксон антибиотигі 3 мл<sup>3</sup> көлемінде бұлшық етке егілді; тәулігіне 1 рет бұлшық етке тетравит, 2 мл<sup>3</sup> көлемінде егілді; 2-ші тәжірибе тобына цефтриаксон антибиотигі мен тетравит, ал 3-ші тәжірибе тобындағы бұзауларға тек цефтриаксон антибиотигі ғана қолданылды.

Зерттелінетін қан келесі кезекпен алынды: дәрі-дәрмектер мен тұнбаны қабылдағанға дейін және қабылданғаннан кейінгі 10, 20, 30 –шы тәуліктерінде. Қанның морфологиялық көрсеткіштерін зерттеу MS4 автоматты гематологиялық анализаторы көмегімен жүргізілді.

### **Зерттеу нәтижелері және талдау**

Зерттеу нәтижелері төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері препараттарды пайдаланғанға дейін екі топтағы бұзаулардың фондық көрсеткіштері шамамен бірдей болатындығын көрсетті. Морфологиялық көрсеткіштердің өзгерістері зерттеу мерзімдерінде байқалады. Тәжірибе тобындағы бұзаулар қанындағы лейкоциттердің концентрациясы (WBS) 10, 20 және 30-шы тәуліктерде бақылау тобындағыларға қарағанда, тиісінше, 9,1; 24,9; 31,3 %-ға дейін, ал лимфоциттердің (LYM) мөлшері бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 14,9; 22,9; 33,5 %-ға дейін жоғарылағандығы байқалды. Моноциттердің (MON) мөлшері тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 10,6; 20,6; 44,1%-ға көтерілді. Зерттеудің 10-шы тәулігінде гранулоциттердің концентрациясы тәжірибе тобында бақылау тобымен салыстырғанда 9,7 %-ға, ал 20, 30-шы тәуліктерде 20,6; 27,2 %-ға жоғарылады [P<0.001]. Зерттеу мерзімінің 10, 20, 30-шы тәуліктерінде эритроциттердің концентрациясы тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 12,1; 14,5; 18,5 %-ға көтерілді.

Эритроциттердің орташа көлемі (MCV) тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда көбірек болды.

Гематокрит көлемі де (Hct) тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда жоғары екендігі анықталды. Жоғарыда көрсетілген мерзімдерде гематокрит көлемі тәжірибелік жануарлар тобында бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 8,7; 12,1; 13,1 %-ға көтерілді. Гемоглобиннің эритроциттегі орташа концентрациясы (MCHC) тәжірибе

тобындағы бұзауларда бақылау тобына қарағанда көбірек болды және ол 29,30-дан 36,32 g/dl-ге дейін жоғарыласа, ал бақылау тобында 29,48- 31,83 g/dl аралығында ғана болды [P<0,01; P<0,05]

Зерттеудің 10, 20 және 30-шы тәуліктерінде тромбоциттердің анизоцитозы (RDV) тәжірибе тобындағы жануарларда 15,70-тен 17,74 g/dl-ге дейін жоғарыласа, ал бақылау тобында 15,63-16,39 g/dl аралығында болды [P<0,05].

Тромбоциттердің концентрациясы (PLT) зерттеудің барлық мерзімдерінде зерттеу жүргізілген топтарда біршама жоғарылап отырды, дегенмен тәжірибе тобындағы бұзауларда айқын түрде байқалады. Жоғарыда көрсетілген зерттеу жүргізу күндері тәжірибелік топтағы бұзауларда тромбоциттердің деңгейі бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 8,1; 13,4 және 18,4%- ға көтерілді. Тромбоциттердің орташа көлемі (MPV) тәжірибелік топтағы бұзауларда 7,70 - 8,98 % аралығында болды [P<0,05; P<0.001].

Анизацитоз көрсеткіштері (PDW) жоғарыда көрсетілген зерттеу мерзімдеріне сай тәжірибелік топта, тиісінше, 10,9; 14,2 және 16 ,6 % болды

Алынған қанның морфологиялық көрсеткіштері бақылау тобындағы бұзауларда да біршама көтерілді, бірақта тәжірибе тобымен салыстырғанда жоғарылау деңгейі айтарлықтай төмендеу болатындығы анықталды. Мысалы, лейкоциттер 10,15-тен-11,02% -ға; лимфоциттер 44,08-ден 49,50 % -ға; моноциттер 3,83-тен 4,80%-ға; гранулоциттер 21,64-тен 24,42 % -ға; эритроциттер 7,42–ден 8,38 M/ mm<sup>3</sup>-ке; гематокрит 25,56-ден 28,16 % -ға; гемоглобин 8,52-ден 9,18g/dl-ге; тромбоциттер 321,6-дан 352,1 fl –ға; анизацитоз көрсеткіштері 8,64-тен 9,72%-ға дейін ғана жоғарылайтындығы анықталды.

Біздің өндірістік–тәжірибе жұмыстарымыз тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған 30 бас бұзауға жүргізілді. Қойылған мақсатқа сәйкес аналог принципі негізінде 3 топ құрдық (жасы, салмағы, азықтандырылуы, күтіп-бапталуы бірдей). Тәжірибелік топтарға қолданылған емдік схемалар тәсілдері зерттеу материалдары мен әдістері бөлімінде жан-жақты жазылған.

Зерттеу нәтижелері 2-ші кестеде көрсетілген. Алынған зерттеу нәтижелері 1-ші тәжірибе тобындағы емделген 10 бұзаудың барлығы ауырудан толық жазылғандығы анықталды, аурудың орташа өту ұзақтығы 9,1±1,3 тәулікті құрады, емдеудің алғашқы 7 тәулік ішінде ауырған 10 бас бұзаудың екеуі; 8-14 тәуліктен кейін бесеуі; 15-20 тәуліктен кейін үшеуі толық жазылды, аурудан айығу көрсеткіші 100 % болды.

2-ші тәжірибе тобындағы 10 бұзаудан 8-і ауырудан жазылғандығы анықталды, аурудың орташа өту ұзақтығы 12,2±1,2 тәулікті құрады, алғашқы 7 тәулік ішінде бірде-бір бұзау ауырудан айықпады; 8-14 тәулік ішінде 4, ал 15-20 тәулік ішінде 4 бұзау толық жазылды, 2 бұзау өлімге душар болды (20 %), аурудан айығу көрсеткіші 80 % болды. Ал 3-ші тәжірибе тобындағы 10 бұзаудан алтауы ауырудан жазылды (60%), аурудың орташа өту ұзақтығы 14,9±1,0 тәулікті құрады, 4 бұзау өлімге ұшырады, сақталу көрсеткіші – 60% болды.

		Көрсеткіштер														
Зерттеу күндері	Толғар	(WBC) Лейкоциттер, М/mm <sup>3</sup>	(LYM) Лимфоциттер, %	(MON) Моноциттер, %	(GRA) Гранулоциттер, %	(RBC) Эритроциттер, М/mm <sup>3</sup>	(MCV) Эритроциттердің орташа көлемі, fL	(Hct) Гематокрит, %	(MCH) Гемоглобиннің эритроциттердегі орташа көрсеткіші, pg, концентрациясы	(MCHC) Гемоглобиннің эритроцитадағы орташа концентрациясы, g/dl	(RDW) Тромбоцит анизоцитозының көрсеткіші, g/dl	(Hgb) Гемоглобин, g/dl	(PLT) Тромбоциттер, М/mm <sup>3</sup>	(MPV) Тромбоциттердің орташа көлемі, fL	(Pct) Тромбоцитокрит,	(PDW) Анизоцитоз көрсеткіші, %
1	Т	10,13 <sup>x</sup>	44,42 <sup>x</sup>	3,88 <sup>x</sup>	21,40 <sup>x</sup>	7,44 <sup>x</sup>	32,34 <sup>x</sup>	25,64 <sup>x</sup>	10,12 <sup>x</sup>	29,30 <sup>x</sup>	15,70 <sup>x</sup>	8,53 <sup>x</sup>	321,3 <sup>x</sup>	7,70 <sup>x</sup>	0,28	8,60 <sup>x</sup>
	Б	10,15 <sup>x</sup>	45,08 <sup>x</sup>	3,83 <sup>x</sup>	21,64 <sup>x</sup>	7,42	32,76 <sup>x</sup>	25,56	10,09 <sup>x</sup>	29,48	15,63	8,52 <sup>x</sup>	321,6	7,75	0,29	8,64
10	Т	11,05 <sup>x</sup>	51,05	4,29	23,48	8,35 <sup>xxx</sup>	34,66	27,88	10,69	31,16 <sup>x</sup>	16,85	9,75 <sup>xx</sup>	347,3	8,56 <sup>xx</sup>	0,34	9,38 <sup>xx</sup>
	Б	10,52	43,58	3,95	22,05	7,88	32,51	26,32	10,14	30,48	16,12	8,84	331,8	7,98	0,30	8,80
20	Т	12,66 <sup>xx</sup>	54,61	4,68 <sup>xx</sup>	25,82 <sup>xx</sup>	8,52	35,33 <sup>x</sup>	28,75 <sup>xx</sup>	10,95	34,45 <sup>xx</sup>	16,98	9,52	364,3 <sup>x</sup>	8,98	0,36	9,82
	Б	10,85	46,04	4,10	23,91	8,10	33,11	27,52	10,62	31,72	16,35	9,08	341,7	8,18	0,32	9,39
30	Т	13,30	59,32 <sup>x</sup>	5,59 <sup>xx</sup>	27,22	8,82 <sup>xx</sup>	36,21 <sup>xx</sup>	29,01 <sup>xx</sup>	12,46 <sup>xx</sup>	36,32 <sup>xx</sup>	17,74 <sup>xx</sup>	10,0 <sup>xxx</sup>	397,6 <sup>x</sup>	9,06 <sup>x</sup>	0,37	10,22 <sup>x</sup>
	Б	11,08	46,61	4,80	24,42	8,34	33,62	28,16	11,40	31,83	16,39	9,18	352,1	8,45	0,33	9,72
	Б	11,02	49,50	4,73 <sup>x</sup>	24,21	8,38	34,53	27,52	11,31 <sup>x</sup>	30,38	16,08	8,30 <sup>x</sup>	331,7	8,33	0,31	9,43
Ескерту: Т-тәжірибе тобы; Б-бақылау тобы; [P<0,01; P<0,05; P<0,001]																

Кесте 2- Дәрілік киікөты өсімдігінен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік тиімділігі

Көрсеткіштер	Топтар		
	1-ші тәжірибелік тобы	2-ші тәжірибелік тобы	3-ші тәжірибелік тобы
Бұзау саны	10	10	10
Аурудан айықты: бас	10	8	6
%	100	80	60
Аурудың орташа өту мерзімі, тәулік	9,1±1,3	12,2±1,2	14,9±1,0
1-7	2	-	-
8-14	5	4	2
15-20	3	4	4
Өлімге ұшырады, бас	-	2	4
%	-	20	40
Сақталуы, %	100	80	60

### Қорытынды

Сонымен зерттеу жүргізу барысында алынған деректер дәрілік киікөты өсімдігінен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік тиімділігі анықталды. Дәрілік өсімдіктен дайындалған тұнбаның бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі-дәрмектермен бірге кешенді түрде қолдану қанның морфологиялық көрсеткіштеріне айтарлықтай қуаттандырып әсер ететіндігі тәжірибе жүргізу барысында анықталды. Зерттеу барысында алынған морфологиялық көрсеткіштердің ең жоғарғы деңгейі зерттеу жүргізу мерзімінің 10- және 20-шы тәуліктерінде тіркелді. Қолданылған фитопрепараттың фармакоқуаттандырғыш әсерін оның құрамындағы биологиялық белсенді заттардың әсер етуінен деп негіздеуге болады.

### Әдебиеттер

1. Шәріпбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану.-Алматы, «Қайнар» баспасы, 1988.-149 б.
2. Кукенов М.К., Рахимов К.Д. Лекарственные растения Казахстана и их использование. –Алматы, 1996-149 с.
3. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения// Большая энциклопедия народной медицины, Москва.- 2013.-605 с.
4. Ошуркова Ю.Л., Фомина Л.Л., Механикова М.В. Влияние кормовой добавки хлореллы на некоторые показатели крови телят// Молочнохозяйственный вестник.Научно-теоретич. журнал, №3, -М.: 2015.-с.47-51.
5. Бирюков И.В. Эффективность применения некоторых лекарственных растений при профилактике болезней органов дыхания у телят// Материалы Межд. научно-практич. конф., Барнаул, 2016.-С. 245-246.
7. Магомедов М.З. Бронхопневмония телят, её патогенез, функциональная морфология и фармакотерапия композиционными пролонгированными препаратами: дисс. доктора вет. наук.- Воронеж, 2007.- 282 с.
8. Яшин Д.А. Патоморфология ассоциированной бронхопневмонии телят в условиях Нижегородской области и иммунокоррекция гидрохлоридом ксимедона: дисс. канд. вет. наук.- Нижний Новгород, 2009.- 142 с.
9. Билялов Е.Е. Бұзау бронхопневмониясының патогенезіндегі морфофункционалдық және иммунологиялық көрсеткіштер: Дис. к.в.н., Алматы, 2007-87б.

10. Якупова Г.М. Эффективность различных методов лечения телят, больных неспецифической бронхопневмонией: дисс. канд. вет. наук.- Казань, 2010.- 125 с.

**Молдахметова К.И., Заманбеков Н.А., Тулепова Г.Қ., Кобдикова Н.К., Корабаев Е.М.**

ЛЕЧЕБНАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФИТОПРЕПАРАТА, ИЗГОТОВЛЕННОГО ИЗ  
ЛЕКАРСТВЕННОГО РАСТЕНИЯ ДУШИЦЫ ОБЫКНОВЕННОЙ (ORIGANUM  
VULGARE) ПРИ БОЛЕЗНЯХ ДЫХАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ТЕЛЯТ

**Аннотация**

В данной работе доказана лечебная эффективность использования настоя, изготовленного из лекарственного растения душицы обыкновенной (*Origanum vulgare*) при заболеваниях органов дыхания телят. Установлено, что комплексное применение фитопрепарата совместно с антибиотиками и витаминными препаратами способствует 100%-ному выздоровлению телят от болезней органов дыхания. Кроме того доказано, что применение фитопрепарата оказывает выраженное стимулирующее действие на морфологические показатели крови телят.

**Ключевые слова:** фитопрепарат, иммунитет, морфология, антибиотик, лекарственное растение, душица обыкновенная, бронхопневмония.

**Moldaxmetova K.I., Zamanbekov N.A., Tulepova G.K., Kobdikova N.K., Korabaev E.M.**

PREGNANT WARRANTY OF DEDICATED GROWTH (ORIGANUM VULGARE)  
PREVENTION OF PHYSIOTHERAPY DESTRUCTION SYSTEM DISEASES

**Annotation**

In this paper, the therapeutic effectiveness of the use of infusion made from the medicinal herb of *Origanum vulgare* with diseases of the respiratory organs of calves is proved. It is established that the complex application of phytopreparations together with antibiotics and vitamin preparations promotes 100% recovery of calves from respiratory diseases. In addition, it has been proven that the use of phytopreparations has a pronounced stimulating effect on the morphological characteristics of calves' blood.

**Key words:** phytopreparation, immunity, morphology, antibiotic, medicinal plant, common oregano, bronchopneumonia.

**UDC 619:616.995. 1 – 091:636.1**

**Nurgazy B.O., Amirgaliyeva S.S., Abdullina M.M.**

*Kazakh National Agrarian University*

TISSUE REACTION IN INTESTINAL STRONGILYATOSIS OF HORSES

**Annotation**

Histological studies of the intestine of horses infected with larvae of alfortia have been established: formation of capsules from connective tissue around cysts of parasites, serous edema of local tissue, vascular hyperemia, proliferation of lymphoid and eosinophilic cells in the intestinal wall.

**Keywords:** horses, tissue reaction, helminthiasis, alfortiosis.

**Introduction**

Helminthiasis of horses are widespread and in most cases have a chronic course without pronounced clinical manifestations - animals from the point of view of usual concepts of the disease seem perfectly healthy, therefore no treatment measures are often accepted [1]. Gastrointestinal helminthiasis of horses cause great economic damage due to the death of animals, especially foals, and also to reduce productivity, loss of weight gain, reserves and poor development of young animals [2].

Studies by many scientists that intestinal strongylates cause significant structural changes in the digestive system and other organs, primarily with mechanical damage to the tissue structures with which parasites come into contact. In addition to mechanical damage helminths also have a toxic and immunological effect and the damage site does not always coincide with their localization [3, 4].

In the dynamics of strongylatoses there is a whole complex of sequentially developing processes, such as hemodynamic disorders, dystrophy, inflammation, allergic changes, etc. Peculiarities of their course should be adopted for the development of pathogenetic and symptomatic therapy of helminthiasis. The study of the tissue response of animal organs in helminthiasis promotes the effective selection of drugs that have not only an anthelmintic, but also a toxic effect on the body.

**Objective:** To study the tissue response of the organs of horses under alfortiosis.

#### **Material and methods of research**

The material for the research was the corpses of dead and forced-killed horses, sick with alfortiosis. Only 25 heads. For histological examination were taken pieces of internal organs, a gastrointestinal tract 1x1x1 cm in size. Pathological material was fixed in a solution of 10% neutral formalin. The fixed pieces of the organs, after proper processing, were sealed in paraffin, among them on a semi-automated ERM 3100 micrometer, serial ultrathin sections 5-7 microns thick were obtained. Histological sections were stained with hematoxylin and eosin. The micro-preparations were analyzed and photographed using a triocular microscope MOTIC B1-220A.

#### **Results of the research**

The horses from which the pathological material was taken were amazed with imaginal and larval forms of alfortia. The intensity of animal invasion by helminths was rather high for all. On the average the invasion consisted of alfortia from 5 to 20 helminths per 10 cm<sup>2</sup>.

Macroscopically in the mucosa of the small intestine, cystic were found.

Histologically in the mucous membrane of the small intestine at the site of the introduction of cysts there was a space in the form of a duct, in places the superficial epithelium was torn away. In some cases in places of penetration around the cysts was observed necrosis of the mucosa. In its own layer of the mucous membrane moderately pronounced edema, hyperemia of the blood vessels, diffuse lymphoid and eosinophilic infiltration were noted. In the submucosal layer, lymphoid nodules the lymphoid follicles were hyperplasticized, their germinal centers were enlarged, edema and eosinophilic infiltration in their cortical layer were also observed. In the sections of the small intestinal mucosa that did not have macroscopic changes, desquamation of the superficial epithelium, weakly expressed swelling of the villi, insignificant weak lymphocytic-eosinophilic infiltration was seen. In the deep layers of the mucous membrane, such cellular infiltration was diffuse, more pronounced and sometimes passed to the submucosal layer.

In the large intestine, edema of the superficial part of the mucosa, moderate diffuse lymphocytic-eosinophilic infiltration of its deep layer, and a weakly pronounced edema in the submucosa were noted.

In addition, histological studies have established: productive focal serous peritonitis, cellular infiltration in the liver, lungs with a predominance of eosinophilic leukocytes, serous lymphadenitis, the expansion of granulation and fibrous tissue around the dead larvae on the peritoneum and mesentery [5].



Thus, pathomorphological changes in alfortiosis are found not only in places of helminth implantation, but also in areas far from them, but they are less pronounced.

### **The conclusion**

In the zone of direct action of helminths and their larvae, the changes are manifested by the formation of a connective tissue capsule around the cysts, the phenomena of edema, the fullness of the blood vessels, lymphoid and eosinophilic cellular infiltration in the intestinal wall. Clinically, this is manifested by a breakdown in the function of digestion, exhaustion.

### **References**

1. Муромцев А.Б. Гельминтозы жвачных животных в Калининградской области/ А.Б. Муромцев / Монография. Калининград: КГТУ, 2005.- С.228.
2. Акбаев М.Ш. Паразитология и инвазионные болезни животных / М.Ш. Акбаев, П.И. Пашкин, А.И. Ятусевич. – М.: Колос, - 2000. – С. 94-101.
3. Муромцева О.О. Нематодозы лошадей Кировской области. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата ветеринарных наук. Киров.-2004.- С.20.
4. Герке А.Н. Основные нематодозы лошадей и меры борьбы // Практик. - 2005. - № 9-10. - С.42-45.
5. Мауланов А.З., Амиргалиева С.С., Нургазы Б.О. Шабдарбаева Г.С. Жылқы альфортиозындағы патоморфологиялық өзгерістер. Профессор Нұрғали Тәсілұлы Кәдіровтің туғанына 100 жыл толуына орай «XXI ғасырдағы ветеринария: мәселелері, шешудің әдістері және жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 27-28 қазан 2016 ҚР. Б.227-230.

**Нургазы Б.О., Амиргалиева С.С.,  
Абдуллина М.М.**

### **ТКАНЕВАЯ РЕАКЦИЯ ПРИ КИШЕЧНОМ СТРОНГИЛЯТОЗЕ ЛОШАДЕЙ**

#### **Аннотация**

Гистологическими исследованиями кишечника лошадей, зараженных личинками альфортии установлены: образование капсулы из соединительной ткани вокруг цист паразитов, серозный отек местной ткани, гиперемия сосудов, пролиферация лимфоидных и эозинофильных клеток в стенке кишечника.

**Ключевые слова:** лошади, тканевая реакция, гельминтоз, альфортиоз.

**Нургазы Б.Ө., Амиргалиева С.С., Абдуллина М.М.**

### **ЖЫЛҚЫНЫҢ ШЕКТІК СТРОНГИЛЯТОЗЫНДА ҰЛПАЛЫҚ РЕАКЦИЯ**

#### **Аңдатпа**

Альфортия балаңқұрттарымен залалданған жылқылардың ішегін гистологиялық зерттегенде паразиттер цисталарының айналасында дәнекер ұлпалы қабықтың пайда болғаны, жергілікті ұлпаның сарысулы домбығуы, қантамырлардың гиперемиясы, ішек қабырғасында лимфоидты және эозинофилді торшалардың пролиферациясы анықталды.

**Түйін сөздер:** жылқы, ұлпалық реакция, гельминтоз, альфортиоз.

УДК 619:616.981.42(574)

Нусупов Р.К.

*Алматинский филиал РГП на ПХВ «Национальный референтный  
центр по ветеринарии» КВК и Н МСХ РК, г. Алматы*

## ОЦЕНКА ЭПИЗООТИЧЕСКОГО НАДЗОРА ЗА БРУЦЕЛЛЕЗОМ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЖИВОТНЫХ В КАЗАХСТАНЕ

### **Аннотация**

В данной статье выполнена оценка системы эпизоотологического надзора за бруцеллезом сельскохозяйственных животных в Казахстане с помощью инструкций Центров по контролю и профилактике заболеваний (CDC). Характеристика системы эпизоотологического надзора на полезность, приемлемость, репрезентативность и своевременность оказались на отличном уровне; гибкость-удовлетворительно; простота, качество данных, стабильность, чувствительность и прогностичность на хорошем уровне. Чувствительность системы показала 83%.

**Ключевые слова:** бруцеллез, идентификация сельскохозяйственных животных, эпизоотологический надзор.

### **Введение**

Бруцеллез сельскохозяйственных животных в Республике Казахстан (РК) имеет значительное распространение и наносит существенный ущерб экономике страны и угрозу здоровью населения. По данным статистики в стране 187-200 человек ежегодно становятся инвалидами на всю жизнь, у 20-60 % заболевших людей по регионам в зависимости от диагностики острый бруцеллез переходит в хронический. Особую опасность заболевание бруцеллезом представляет для детей и подростков-это осложнения в виде воспаления яичков (орхиты, эпидимиты), влекущие пожизненное бесплодие, заболевание суставов, поражение головного мозга. Учитывая величину территории страны и неоднородность в животноводческом производстве, необходим слаженный, своевременный эпизоотический надзор. Согласно «Ветеринарным (ветеринарно-санитарным) правилам» утвержденным приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан (МСХ РК) от 29 июня 2015 года № 7-1/587 в Республике Казахстан для установления диагноза на бруцеллез применяют эпизоотологический, клинический, серологический, бактериологический методы.

При проведении плановых исследований животных на бруцеллез применяют серологические тесты, официально рекомендованные Всемирной организацией здоровья животных (МЭБ): тест с забуферным антигеном Бруцелла - ВВАТ (ПРА/РБП), реакцию связывания комплемента CF (РСК/РДСК), иммуноферментный анализ - Elisa (ИФА) и флуоресцентной поляризации - FPA (ФПА). Для определения статуса стада (отары) по бруцеллезу применяются бактериологический метод или ПЦР. Ветеринарные мероприятия в благополучных хозяйствующих субъектах осуществляются на основании плана мероприятий, утверждаемого руководителем подразделения местного исполнительного органа, осуществляющего деятельность в области ветеринарии (подразделение МИО) по согласованию с главным государственным ветеринарно-санитарным инспектором соответствующей административно-территориальной единицы [1]. Для своевременного выявления бруцеллеза у животных в благополучных хозяйствующих субъектах в плановом порядке подвергают диагностическому исследованию всех животных. При положительном результате согласно диагностической оценке данное животное считается положительно реагирующим на бруцеллез. От

эпизоотической ситуации в республике зависит стратегия и тактика плановых диагностических исследований животных (виды животных, кратность и методы исследований) корректируются, в том числе с использованием скрининговых (выборочных) исследований с охватом не менее 10 процентов от общего поголовья. В неблагополучных эпизоотических очагах по бруцеллезу пунктах после принятия решения об объявлении ограничительных мероприятий главным государственным ветврачом подразделения МИО, в территорию обслуживания которого входит неблагополучный по бруцеллезу пункт, составляется план оздоровительных мероприятий, включающий комплекс организационно-хозяйственных, ветеринарно-санитарных. Результаты диагностических и ветеринарно-санитарных мероприятий заносятся в базу данных ИСЖ [2].

В Республике внедрена Единая автоматизированная система учета сельскохозяйственных животных «Идентификация сельскохозяйственных животных», которая обеспечивает контроль за здоровьем животных, их перемещением, мониторинг эпизоотического благополучия и ветеринарно-санитарной безопасности продуктов и сырья животного происхождения. Система ведет учет сельскохозяйственных животных в разрезе областей, районов и сельских округов. В том числе по видам и породам сельскохозяйственных животных. По правилам идентификации ветеринарный врач того или иного округа; района; области ведет постановку животного на учет, присваивая индивидуальный номер, либо снятие с учета. В программе идентификации сельхоз животных ветеринарный специалист в онлайн режиме имеет доступ к информации по сельскохозяйственным животным и осуществляет записи о проведении диагностических исследований с целью выявления заболеваний, мер профилактических мероприятий. Используя систему идентификации сельскохозяйственных животных хозяин животного из любой точки страны посредством Интернет-связи в онлайн режиме имеет возможность получить информацию о том, что его животное зарегистрировано и взято на учет.

#### **Материалы и методы исследований**

Оценка системы эпизоотнадзора за бруцеллезом животных была выполнена на основании инструкций по оценке систем эпиднадзора в общественном здравоохранении, разработанные Центрами по контролю и профилактике заболеваний США (CDC).

Оценка была произведена на основе «Ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правил» утвержденных приказом МСХ РК от 29 июня 2015 года № 7-1/587 и Руководства системы «Идентификации сельскохозяйственных животных». Были оценены 10 характеристик системы: полезность, простота, гибкость, качество данных, чувствительность, прогностичность, своевременность, приемлемость, репрезентативность и стабильность.

#### **Результаты исследований и их обсуждение**

Мы оценили систему ИСЖ по следующей шкале оценок: «отлично», «хорошо», «удовлетворительно». Также были опрошены непосредственные пользователи системы по телефону. В группу респондентов вошли ветеринарные специалисты сельских, районных, областных уровней всего 12 специалистов.

Описание системы ИСЖ. С помощью системы учета животных данных о поле, масти, породе, владельце, возрасте и т.д. в специальную базу данных, с последующей выдачей ветеринарного паспорта и присвоением идентификационного (учетного) номера. Идентификация сельскохозяйственных животных и ведение базы данных по ней позволяет получить достоверную информацию при проведении зонирования территории, что сократит бюджетные средства на проведение ветеринарных мероприятий, вследствие ранжированного подхода к ветеринарным мероприятиям в различных зонах (неблагополучная, буферная, благополучная зоны и зона наблюдения).

В базе данных о животном регулярно отражается информация о проведенных диагностических исследованиях, их результатах, мерах профилактики болезней. Помимо

этого, идентификация направлена на усиление контроля за состоянием здоровья животного, его перемещением, при проведении карантинных мероприятий, отслеживании эпизоотической ситуации, является основой правильного планирования ветеринарных мероприятий, обеспечение эффективных мер профилактики, карантина и ликвидации очагов острых и хронических инфекции. Наличие достоверных сведений о количестве животных позволяет подготовить реальные расчеты при планировании бюджетных средств на проведение ветеринарных мероприятий. Портал «Идентификация сельскохозяйственных животных» включает в себя функции по постановке и снятии с учета сельскохозяйственного животного или животных, регистрацию профилактических мероприятий. Его внедрение осуществляется на всех уровнях местных исполнительных органах страны. [3]

В системе предусмотрены 12 типов отчетов:

- Выписка из базы данных для группы животных одного владельца;
- Информация по количеству зарегистрированных животных у владельца;
- Информация по количеству снятых животных у владельца;
- Информация по количеству животных у владельца;
- Информация по породам (масти) животных;
- Информация по половозрастным группам животных;
- Информация по зарегистрированным и снятым с учета животным;
- Информация по прибывшим животным из других регионов;
- Информация по снятым животным;
- Отчет по ветеринарно-профилактическим мероприятиям;
- Отчет по исследованиям с/х животных;
- Отчет по болезням с/х животных.




Рисунок 1. Сбор данных в системе идентификации с/х животных

Характеристика системы. Информация об оценке 10 характеристик системы согласно инструкции, CDC приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Оценка 10 характеристик по инструкциям CDC

Характеристика	Оценка	Обоснование
Полезность	отлично	Единая автоматизированная, отвечающая современным требованиям система
Простота	хорошо	Единый интерфейс, но необходимо регулярное обучение пользователя
Гибкость	удовлетворительно	База данных системы только для пользования, вносить изменения нет возможности
Качество данных	хорошо	С каждым годом система совершенствуется
Приемлемость	отлично	Соответствует рекомендациям МЭБ и международным стандартам
Чувствительность	хорошо	Чувствительность и прогностичность производилась только на основе данных АФ «НРЦВ», необходимы дополнительные данные и исследования по этим характеристикам
Прогностичность	хорошо	
Репрезентативность	отлично	Охватывает всю территорию Республики
Своевременность	отлично	Веб-портал, работает в онлайн режиме
Стабильность	хорошо	В некоторых отдаленных населенных пунктах временами интернет-связь плохо работает

*Полезность.* Так как вся необходимая информация доступна в режиме онлайн, данные ИСЖ при правильном и грамотном анализе полезны для определения тенденции изменения характера заболевания, определению и прогнозированию вспышки по бруцеллезу, выявлению факторов риска связанных с распространенностью заболевания, а также при планировании ветеринарно-санитарных мероприятий, принятии стратегии и тактики при иммунизации животных против бруцеллеза, что очень полезно для оценки эффективности мероприятия по контролю.

*Простота.* Опрос ветеринарных специалистов, работающих с базой ИСЖ выявил, что работа с программным обеспечением ИСЖ не во всех регионах страны отличается простотой и это связано с нехваткой квалифицированных специалистов. Вместе с тем ведутся регулярные тренинги, семинары по обучению ветеринарных специалистов работе с базой. Очень много времени занимает дополнительная сверка индивидуального номера животного с базой данных ИСЖ при сдаче биологического материала (сыворотка, кровь, аборт плода) ветеринарным специалистом в РВЛ (сеть районных, областных ветеринарных лабораторий) при плановых диагностическо-профилактических исследованиях. Результаты анализа в бумажной и электронной форме выдаются сдавшим биоматериал сотрудникам территориальной инспекции, после они заносят ее в базу. Лабораторные результаты передаются в комитет ветеринарии еженедельно.

*Гибкость.* База ИСЖ приспособлена ко всем заболеваниям с/х животных, так как она отражает не только одно заболевание, в частности бруцеллез, а собирает данные по общему состоянию животного. Вместе с тем база недостаточно гибкая, так как изменить данные автономно, при необходимости, невозможно. Причина этому централизованное программное обеспечение. Поэтому, чтобы внести изменения в базу необходимо обратиться к разработчику программного обеспечения АО «Казагромаркетинг».

Уровни доступа в системе показаны в таблице 2.

Таблица 2 – Уровень доступа в системе

№	Роли	Описание функций роли
1	Администратор	- все сервисные возможности;
2	Пользователи	- заполнение всех журналов; - просмотр данных по всем документам; - ввод данных по всем документам; - формирование отчетов.
3	Гость	- просмотр справочных материалов.

*Качество данных.* Ведение базы, сбор, ввод, редактирование, отчеты данных начиная с 2010 года, когда началось повсеместное внедрение ИСЖ для бруцеллеза и с других инфекционных заболеваний животных с каждым годом совершенствуется благодаря предложениям, корректировкам ветеринарных специалистов, непосредственно работающих с программой в лице Комитета ветеринарного контроля и надзора (КВК и Н) МСХ РК.

*Приемлемость.* Приемлемость системы ИСЖ признана МЭБ (Международное эпизоотическое бюро), более того она рекомендована данной организацией. Идентификация сельскохозяйственных животных, - это своевременное реагирование надзорных органов на вспышку заболеваний и, как следствие, снижение распространения бруцеллеза и потерь отрасли. На территории СНГ системе ИСЖ нет аналогов, так как она внедрена только в Казахстане. В будущем при дальнейшем совершенствовании ее можно интегрировать с базой сети ветеринарных лабораторий и системой эпиднадзора Министерства здравоохранения.

*Чувствительность системы.* Мы определили Чувствительность как способность системы эпизоотнадзора достоверно выявлять случаи заболевания бруцеллезом животных. Исходя из данных за девять месяцев 2016 года Алматинского филиала «Национального референтного центра по ветеринарии», куда поступают положительные пробы на бруцеллез для подтверждения с юго-восточного региона страны чувствительность системы показала нижеследующий результат:

Количество поступивших проб на подтверждение: 4849

Количество положительных проб: 4047

Чувствительность:  $(4047/4849)*100=83\%$

*Прогностичность.* Поскольку данные для расчета прогностичности были взяты с базы данных Алматинского филиала РГП на ПХВ «Национальный референтный центр по ветеринарии», прогностичность системы эпизоотического надзора за бруцеллезом животных показал также как чувствительность системы 83 %.

*Репрезентативность.* Система ИСЖ репрезентативна в отношении всего поголовья с/х животных страны, так как она охватывает все до исключения ветеринарные пункты в сельских округах, ветеринарные станции в районных и областных центрах по средствам интернет коммуникации.

*Своевременность.* Ветеринарно-санитарные мероприятия по бруцеллезу проводят согласно «Ветеринарным (ветеринарно-санитарным) правилам» утвержденным приказом МСХ РК от 29 июня 2015 года № 7-1/587, где указано, что все манипуляции и результаты ветеринарно-профилактических, оздоровительных мероприятий незамедлительно заносятся в базу данных ИСЖ, а база данных в свою очередь, передается в уполномоченный орган контролирующей ветеринарно-санитарные мероприятия (КВК и Н МСХ РК), где она доступна в онлайн режиме. Контроль и отчет происходит еженедельно.

*Стабильность.* Система ИСЖ работает хорошо без перебоев, система полностью функциональна в плане отчетности. Однако есть проблемы в отдаленных поселениях, где изредка нестабильно работает интернет-связь, вследствие чего программа зависает

#### **Выводы**

Учитывая то, что ИСЖ на территории Содружества Независимых Государств внедрена впервые ее не с чем сравнить за исключением Канадской, Австралийской и Европейских систем, но у них подобная система работает больше пятнадцати лет.

За эти годы Казахская система ИСЖ проявила себя как - отличная, современная система, отвечающая международным стандартам в ветеринарии. Информация системы ИСЖ используется для планирования ветеринарно-санитарных, оздоровительных мероприятий. ИСЖ обладает высокой степенью приемлемости, репрезентативности. Система обладает хорошей чувствительностью. Однако необходимо на регулярной основе проводить пользовательские курсы по работе с базой данных, особенно с работниками, проживающими в отдаленных от областного центра сельских округах.

На основании результатов оценки мы предлагаем следующие рекомендации:

- Осуществить интеграцию с данными ветеринарных лабораторий по всей стране;
- Предоставить возможность пользователям быстро загружать соответствующие инструкции и описания процедур действия.

#### **Литература**

1. Закон Республики Казахстан «О ветеринарии» от 10 июля 2002 года.
2. «Ветеринарные (ветеринарно-санитарные) правила» утвержденные приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 7-1/587.
3. «Руководство пользователя для работы в подсистеме «Идентификация с/х животных».

#### **Нусупов Р.К.**

### **ҚАЗАҚСТАНДА ЖАНУАРЛАРДЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫН ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫ БАҒАЛАУ**

#### **Аңдатпа**

Бұл мақалада Қазақстандағы ауылшаруашылық малдарының бруцеллез ауруын эпизоотиялық қадағалауды Ауруларды бақылау және алдын алу Орталығының (CDC) нұсқаулығы көмегімен бағалау орындалған. Пайдалылығы, жарамдылығы, репрезентаттығы және уақыттылығы өте жоғары деңгейде болды; икемділігі - қанағаттанарлық, қарапайымдығы, мәліметтердің сапасы, тұрақтылығы, сезімталдығы және болжамдығы - «жақсы» деңгейде. Сезімталдығы 83% көрсетті. Болжамдығы да 83% болды, бұл көрсеткіш үшін қосымша мәліметтер қажет.

**Кілт сөздер:** бруцеллез, ауылшаруашылық малдарын сәйкестендіру, эпизоотиялық бақылау.

#### **Nusupov R.K.**

### **EVALUATION OF EPIZOOTIC SURVEILLANCE OF BRUCELLOSIS IN FARM ANIMALS IN KAZAKHSTAN**

#### **Annotation**

This article assesses the system of epizootic surveillance of brucellosis of farm animals in Kazakhstan using the instructions of the Centers for Disease Control and Prevention (CDC).

Usefulness, acceptability, representativeness and timeliness were excellent; flexibility - satisfactory; simplicity, data quality, stability, sensitivity and predictive value positive – good. Sensitivity made up 83%. Predictive value positive – also 83%, but this indicator requires additional data for the study

**Keywords:** brucellosis, identification of farm animals, epizootological surveillance.

*\*Статья написана в рамках обучения FETP-курса по прикладной эпидемиологии центра по контролю заболеваний и профилактики в Центральной Азии (CDC).*

**ӘОЖ: 616-003.215:636.1**

**Сақтаганов Б., Нұрәлиева Ұ.Ә., Жылқышыбаева М., Джунисов А.М., Исхан Қ.Ж.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы*

## ҚАЗАҚТЫҢ ЖАБЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ ОРТА ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДІЛІГІН ҚАН КӨРСЕТКІШТЕРІ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

### **Андатпа**

Мақалада Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылының тау бөктері аймақтарында өсірілетін Қазақтың жабы жылқылар қанының белоктық, торшалық және ферменттік құрамыарқылы олардың қоршаған орта жағдайларына жерсіндіру мүмкіндігін физиологиялық тұрғыдан бағалаудың мәліметтері берілген.

**Кілт сөздер:** қан, жылқы, физиология, морфология, биохимия, АсАТ-аспартатаминотрансфераза, АлАТ- аланинаминотрансфераза, фагоцитар, эритроцит, гематокрит.

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда жылқы шаруашылығы - еліміздегі мал шаруашылығының басты салаларының бірі. Жылқы тұқымдарының физиологиялық, биохимиялық ерекшеліктерін, олардың қоршаған ортаның нақтылы жағдайына бейімдік ерекшеліктерін түбегейлі зерттеу және алынған нәтижелерді шаруашылықта тиімді пайдалана білу қажеттігі туындайды. Күні бүгінге дейін бірқалыпты табиғи-климаттық жағдайда бағылатын Қазақтың жабы жылқы тұқымдары организмнің бейімдік сипаттамалары терең зерттелмеген. Сонымен қатар, олардың ішкі ортасында байқалатын маусымдық өзгерістер де анықталмаған. Қанның сандық және сапалық көрсеткіштері арқылы мал организміндегі зат алмасу процесінің қарқыны мен оның мекендеу ортасының нақтылы жағдайларына бейімделу қабілеті жайлы құнды деректер жинақтауға болады. [1,2].

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Ғылыми зерттеу жұмыстары ҚазҰАУ физиология, морфология және биохимия кафедрасында жүргізілді. Алматы облысының таулы аймағы, Панфилов ауданындағы ЖШС «Ақбоз» шаруашылығында өсіріліп жатқан, асыл тұқымды қазақтың жабы жылқыларының таулы аймаққа бейімделуін зерттеу мақсатында қанының морфологиялық көрсеткіштері мен қан сарысуының биохимиялық құрамындағы маусымдық ауытқулары алғаш рет салыстырмалы түрде зерттелді. Осы бағытпен асыл тұқымды қазақтың жабы жылқыларының қанына зерттеу жүргізу мақсатында тәжірибе төрт серияда жүргізілді. 1-серия – қыс, 2-серия - көктем, 3-серия - жаз және 4-серия - күз айларында атқарылды. Зерттеудің келесі сатысында салыстырмалы қазақтың жабы жылқыларының қанының торшалық және биохимиялық құрамының маусымдық өзгерістерін олардың табиғи өсірілген ортасы жағдайында - анықталды. Ұю процесінен қанды гепарин көмегімен қорғалды та, оның морфологиялық құрамын PS-5 атты гематологиялық талдағыш көмегімен зерттелінді. [5].



Эритроциттер санын анықтау үшін бірінші; арнайы шыны ыдыстағы 10 мл 0,9 % физиологиялық ерітіндіде 20 мкл қанды 1:500 пропорциясында сұйылтудан кейін тағыда екінші; 10 мл 0,9 % физиологиялық ерітінді құйылған шыны ыдысқа алғашқы сұйылтылған қаннан 100 мкл сынама алып қостық та жақсылап араластырдық. Нәтижесінде қан сынамасы 1:50000 пропорциясында сұйылтылды. Осы сұйықтықты қан талдағыш аппараттың (геманализатордың) детекторының астына орналастырып, бір өлшеммен эритроциттер санын, гематокрит деңгейін, қанның қызыл түйіршіктерінің орташа көлемі анықталды. [3,4].


Лейкоциттер санын анықтау мақсатында 0,9 % физиологиялық ерітінді құйылған шыны ыдысқа 1:500 пропорциясында сұйылтылған қан сынамасына 3 тамшы «Luzer Globin» реактивін қосып, гемолиз тудырдық. Араға 3 минут салып, қан сынамасын аппараттың детекторының астына қойдық та, лейкоциттер саны анықталды.

Сонымен қатар қан сарысуының биохимиялық құрамы да зерттелді, атап айтқанда жалпы белок мөлшері биурет реакциясы арқылы «Витал СПб» реактивінің көмегімен, оның фракциялары (альбуминдер, глобулиндер) - нефелометриялық тәсілмен, АлАТ, АсАТ ферменттерінің белсенділігі - Райтман-Френкельдің динитрофенилгидразинді әдісімен «Вельд» реактиві арқылы анықталды.

### Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Қазақтың жабы жылқылары қанының морфологиялық және биохимиялық құрамы. Қазақтың жабы жылқылары жайында көп жылдар бойы жүргізілген ғылыми зерттеулерге қарағанда, жылқы өнімінің сапасына байланысты оның шаруашылыққа пайдалы қасиеттері өзгеріп отырады. Десекте бұл мәселе, әсіресе жылқы өнімі сапасының жылқылардың қоршаған орта жағдайына бейімделгіш қасиетіне тигізетін әсері ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелді (сурет 1,2).


А



Абсцисс өсі: 1 –қыс, 2- көктем, 3- жаз, 4- күз;

Сурет- 1. Қазақтың жабы жылқылары қанының лейкоциттер саны мен фагоцитоз белсенділігі, фагоцитарлық белсенділік

В%



Ординат өсі: А- лейкоциттер саны,  $\times 10^9/\text{л}$ ;

Сурет- 2. Қазақтың жабы жылқылары қанының лейкоциттер саны мен фагоцитоз белсенділігі, фагоцитарлық белсенділік, фагоцитарлық индекс, бірлік.

Қазақтың жабы жылқылары қанының лейкоциттер саны мен фагоцитоз белсенділігі Қазақтың жабы жылқыларының қанында эритроциттер санының ең төмен көрсеткіші қыс маусымында байқалады да, көктемгі және жазға жайылым жағдайларында жоғарылап, күзгі жайылым жағдайында жазғы көрсеткішке қарағанда 2 пайызға төмендейді.

Гематокрит деңгейі қыс және көктем айларында жаз бен күз айларына қарағанда жоғары болды. Бастапқы қысқы деңгеймен ( $35,6 \pm 0,90\%$ ) салыстырғанда көктемгі жайылым жағдайында гематокрит көрсеткіші айтарлықтай жоғарылап ( $38,5 \pm 0,09\%$ ), келесі маусымдарда біртіндеп төмендеді де, күзгі жайылымда ең төмен деңгейге ( $29,43 \pm 1,0\%$ ) жетті. Жыл маусымымен байланысты эритроциттердің жалпы көлемі де өзгеріп отырды. Оның ең үлкен шамасы қысқы жайылым жағдайында байқалды да, жылдың басқа маусымдарында біртіндеп төмендеп, күзде ең төмен деңгейді ( $30,92 \pm 1,1 \text{ мкм}^3$ ) көрсетті. Гемоглобин мөлшерінің ауытқулары эритроцит санының динамикасына ұқсас болды: бұл көрсеткіш те қысқы жайылымнан бастап біртіндеп жоғарылады да, жазғы жайылым жағдайында максимальды деңгейге ( $9,2 \pm 0,3 \text{ г } \%$ ) жетіп, күзгі жайылым жағдайында біраз ( $16,4$  пайызға) төмендейді.

Лейкоциттер саны қысқы жайылым жағдайында басқа маусымдар көрсеткішімен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Лейкоциттер саны көктем, жаз айларына қарай біртіндеп азайып, күз маусымында қайта көтерілді. Фагоцитарлық белсенділіктің ең төменгі деңгейі ( $54,7 \pm 1,7\%$ ) қыс айларында байқалды да, одан әрі ол күшейіп, жаз маусымында жоғары деңгейге ( $68,1 \pm 1,4\%$ ) жетті. Күзге қарай бұл көрсеткіш біршама төмендегенімен, қысқы деңгеймен салыстырғанда  $10$  пайызға жоғары болды. Фагоцитарлық индекс бірлігінің көрсеткіші қысқы жайылым жағдайында айтарлықтай жоғары болды да, одан әрі күрт төмендеп, күзгі жайылым жағдайында  $2,9 \pm 0,4$  бірлікті құрады.

Қазақтың жабы жылқыларының қанындағы жалпы белок деңгейі салыстырмалы тұрақтылығымен ерекшеленді ( $L = 0,9$ ). Бұл көрсеткіштің деңгейі жаз, күз айларында қыс пен көктем айларындағы деңгейінен аз ғана жоғарылады.

Қазақтың жабы жылқылары қанындағы жалпы белок пен белок фракцияларының көрсеткіштері. Альбуминдер мөлшерінің деңгейі көктем айларында біршама төмендеп, жазғы және күзгі жайылым жағдайларында айтарлықтай жоғарылады.  $\alpha$  - глобулиндер көрсеткішіне келетін болсақ, көктемгі жайылым жағдайында ол айтарлықтай жоғарылап ( $17,0 \pm 0,7\%$ ), жаз және күз маусымдарында сәл төмендегенімен, бірқалыпты деңгейде ( $15,8 \pm 3,3 - 15,8 \pm 1,3\%$ ) сақталды.  $\alpha$  - глобулиндердің ең төменгі деңгейі ( $14,71 \pm 0,0\%$ ) қысқы жайылым жағдайында байқалды.  $\beta$  - глобулиндер деңгейі жыл маусымдарына байланысты ауытқымалы сипатта болды. Көктемгі жайылым жағдайында қысқы деңгеймен салыстырғанда бұл белок фракциясының мөлшері біраз кемігенмен, жазғы жайылым жағдайында ол қайта жоғарылап, күзде тағы төмендеген. Сондай-ақ  $\gamma$  - глобулиндер динамикасында да тербелмелі сипат байқалды: Қысқы маусымдағы деңгеймен салыстырғанда ол көктемде айтарлықтай жоғарылап, жаз айларында күрт төмендеп, күзде қайта жоғарылады.

Кесте-1. Қазақтың жабы жылқыларының организміндегі белок пен амин қышқылдарының қарқыны

Көрсеткіштер	Тәжірибе кезеңдері			
	1-серия	2-серия	3-серия	4-серия
АСТ, мкмоль/(сағ. х мл)	$6,0 \pm 0,0$	$6,8 \pm 0,2^*$	$6,8 \pm 0,2^*$	$7,0 \pm 0,01$
АЛТ, мкмоль/(сағ. х мл)	$1,4 \pm 0,2$	$1,3 \pm 0,0$	$1,4 \pm 0,1^*$	$1,76 \pm 0,07$
Несепнәр, ммоль /л	$6,4 \pm 0,9$	$3,9 \pm 0,2^*$	$7,8 \pm 2,5$	$7,51 \pm 0,2$
Креатинин, ммоль /л	$68 \pm 0,06$	$54 \pm 0,09^*$	$57 \pm 0,06$	$74 \pm 0,04$
* $P < 0,01$				

1 кестеде келтірілген деректер Қазақтың жабы жылқыларының организміндегі белок пен амин қышқылдарының қарқыны жайлы деректер береді. Бұл мағлұматтарға қарағанда зерттелген қазақтың жабы жылқыларының қанында АСТ ферментінің белсенділігі аса ауытқымай, тұрақтылығымен ерекшеленеді. АЛТ ферментінің белсенділігі де жыл маусымына байланысты онша көп ауытқымайды. Азотты заттардың қалдық өнімдері белок алмасуының қарқындылығынан құнды мағлұматтар береді. Несепнәр мен креатинин мөлшерінің деңгейі көктемде қыс маусымымен салыстырғанда күрт төмендеп, жаз және күз айларында қайта жоғарылады.

### **Қорытынды**

Біздің зерттеулеріміздің негізгі нысандары – Қазақтың жабы жылқылары. Алматы облысының тау бөктеріндегі аймақтарында бұл жылқылар өсіріледі. Тәжірибенің бірінші кезеңінің барысында жинақталған деректерді талдай келе, зерттелген жылқылар өкілдерінің де жылдың маусымдық, демек күтіп-бағым өзгерістеріне қан жүйесі тұрғысынан белсенді реакциямен жауап қайтаратынын байқаймыз. Қанның морфологиялық құрамының, жалпы белок деңгейінің, амин ауыстырғыш ферменттер (әсіресе АсАТ) белсенділігінің маусымдық динамикасына қарағанда Қазақтың жабы тұқымды жылқылары күтіп-бағым жағдайының өзгерістеріне қан жүйесі тұрғысынан әлдеқайда байыпты реакциямен жауап қайтарады. Бұл олардың шаруашылыққа тиімді белгілерінің негізіне алынатын биологиялық ерекшеліктері болып табылады. Қан сарысуындағы жалпы белок деңгейі мен АсАТ белсенділігін Қазақтың жабы жылқылардың қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік қабілетін бағалау, өнімділігін болжау мақсатында жанама көрсеткіш ретінде пайдалануға болады.

### **Әдебиеттер**

